

Балқаш қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 4 тамыздағы № 30 /03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 тамызда № 3942 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 2 қарашадағы № 43/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 02.11.2017 № 43/01 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Балқаш қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Саягуль Жаксылыковна Жаксылыковаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Аглиулин

Балқаш қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 4 тамыздағы
№ 30/03
қаулысымен бекітілген

Балқаш қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының айына жан басына	Б і р тәрбиеленушіге а й ы н а жұмсалатын	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының айына ата-ананың ақы
---	-----------------------------	---	--	---	--

	ұйымдарының түрі	тәрбиеленушілердің саны	шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)	шығындардың орташа құны (теңге)	төлеу мөлшері (теңге)
1	Балабақша	2698	23641,99	23641,99	1 жас 7 айдан 3 жасқа дейін - 8416,23 теңге 3-6 жасқа дейін - 10355,45 теңге
2	Мектепке дейінгі шағын орталық	1042	8895,47	8895,47	3-6 жасқа дейін - 10355,45 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК